

3.Тындалды: Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде «Асық терапиясы» қолдану туралы тәрбиеші Құрманжанова А.С баяндама оқыды.

Мектепке дейінгі ұйымда балаларды ұмыту, білім беру, тәрбиелеу мақсатында қолданылып келген педагогикалық технологиялар жеткілікті. Соның бірі асық ойыны. Асық-ойыны сол бай салтымыздың бір дәстүрі. Ертеде қазақ халқы асықты бала кезінде қолына алып, жас кезінен бастап ойнай бастайды. Тіпті сәби дүниеге келмей жатып, жас нәрестеге арнап асық жинайтындар болған. Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор.

Асық терапиясының мақсаты: асық терапиясында балалардың қимыл-қозғалыстарын реттеу, кеңістікті бағдарлай білу, көрнекі іс-әрекеттік, көрнекі-бейнелік және сөздік логикалық ойлауды сатылай қалыптастырып, сабырлық, бірлескен әрекетті қолдана білуге тәрбиелейді. Сондықтанда біз, ересектер, асық ойындарының жаңа мазмұнда ойындарын, жаттығуларын құрастырып, оларды оқыту және дамыту, ұйымдастырылған іс әрекеттерде қолдана аламыз. Асық ойынына Бауыржан Момышұлы атамыз «Асық-үлкен халықтық тәрбие» деп баға беріп, жоғары билікке хат та жазған екен.

Шешім:

1. Өткен кеңестің қаулыларын орындалды.
2. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қабілеттері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау бойынша аралық мониторинг нәтижелерін қосымшаға сәйкес Excel форматында жасалып, білім бөліміне тапсырылсын. Жауапты әдіскер Адилхан.Ж
3. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, ойындарда «Асық терапиясы» қолданылсын

Педагогикалық кеңес төрайымы :

Хатшы :



Адилхан.Ж

Құрманжанова.А